Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті

«Оралснабконтракт» ЖШС кірме жолдарын беру қызметінің тарифі мен тарифтік сметасы жобасын қарау жөніндегі жария тыңдаудың ХАТТАМАСЫ

Орал қ. **25 қыркүйек 2026 ж.**

Басталуы: 10.00
Аяқталуы: 10.30

Төраға:
Департамент басшысының м.а. Жаманкулов С.А.

Қатысқандар:

1.	ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің БҚО бойынша департаменті	2 адам
2.	Тұтынушылар және басқа да мүдделі тұлғалар	4 адам
3.	Барлығы:	6 адам

КҮН ТӘРТІБІ

1. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің БҚО бойынша департаменті басшысының м.а. С.А. Жаманкуловтың кіріспе сөзі.
2. «Оралснабконтракт» ЖШС кірме жолдарын беру қызметіне тариф пен тарифтік сметасын бекіту өтінімі бойынша- менеджер Клинкова И.Е.
3. Пікір алмасу, тұтынушылардың сұрақтарына жауаптар.
4. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің БҚО бойынша департаменті басшысының м.а. С.А. Жаманкуловтың қорытынды сөзі.

Жария тыңдауды төраға Жаманкулов С.А. ашты және жиналғандарға кіріспе сөз сөйлеп, өткізілген қоғамдық тыңдаулардың мақсаттары мен міндеттері туралы айтып берді.

«Оралснабконтракт» ЖШС кірме жолдарын беру қызметіне тариф пен тарифтік сметасын бекіту өтінімі бойынша менеджер Клинкова И.Е. сөйледі.

«Оралснабконтракт» ЖШС-нің кірме жолдарын беру қызметтеріне арналған тариф және тарифтік сметаны бекіту жобасы бойынша сұрақтар түспеді.

Жария тыңдаудың соңында Жаманкулов С.А. тарифтік және тарифтік сметаны бекіту туралы өтінішті қарау бойынша шешім қолданыстағы заңнамада белгіленген

тәртіппен қабылданатынын айтты. Бұл ретте тұтынушыларды субъект заңнамада белгіленген мерзімде хабардар етеді.

* Тікелей эфир **Facebook** әлеуметтік желісі арқылы көрсетілді.

Төраға: **Жаманкулов С.А.**

Хатшы: **Кырыкбаев А.Б.**